

Қыркүйек айы

1. Дәнді дақылдар

Дәнді дақылдар – дәні үшін өсірілетін аса маңызыды өсімдіктер тобы. Дәнді дақылдар – адам үшін негізгі азық, малға жем. Дәнді дақылдарда акуыз бен көмірсулар көп, сондай-ақ ферменттер, В тобындағы дәрумендері, А провитамині бар. Ұн тартатын, жарма, құрама жем өнеркәсіппері үшін шикізат болып табылады. Өндөлген өнім нанпісіруде, макарон, кондитер өнімдерін, тағамдық концентраттар, консервілер әзірлеуге, сыра қайнатуға, спирт, крахмал алуға пайдаланылады. Негізгі дәнді дақылдарға дәнді астық, дәнді бұршақ және қарапайым жатады. Дәнді дақылдарды екі топқа бөледі: бірінші астық тобы немесе қарапайым астық – бидай, қара бидай, арпа, сұлы және екінші астық тобы немесе тары тұқымдас астық – жүгері, тары, күріш, қонақ тары, құмай. Бірінші топтың дәнінде ұзыннан созылатын ойпаң сызық, өніп келе жатқан көптеген тамыршалар болады. Гүл шоғыры масақ немесе шашақ басты (сұлы) болады. Бұл дақылдар тары секілді дақылдарға қарағанда ұзақ күндік, суыққа төзімді және ылғал сүйгіш болады. Екінші топқа дәнінде ойпаң сызық болмайды, тек бір тамыршамен өнеді. Гүл шоғыры шашақ басты және собық басты (жүгері) болады. Бұлар бірінші топ дақылдарына қарағанда жаздық, қысқа күнді, жылу сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді болады (қүріштен басқасы).

Дәнді дақылдары: күздік және ерте, әрі кеш пісетін жаздық дақылдар болып бөлінеді. Күздік дақылдар – бидай, қара бидай, арпа. Ерте пісетіні күздік арпа, қара бидай және бидай. Ерте пісетін жаздық дақылдар – бидай, қара бидай, арпа, сұлы сорттары. Кеш пісетін жаздық дақылдар – тары, жүгері, құмай (сорго), күріш. Бұлар суыққа төзімсіз, тұқымы көктеу үшін жылылық керек. Сондықтан оларды ерте пісетін жаздық дақылдардан кешірек себеді. Әлемде аталмыш дақылдардың ішінде бидай (күздік және жаздық), бағалы азық-түлік дақыл ретінде ең жоғарғы орын алады. Бидай наны ерекше дәмділігімен, жоғары сапасымен, жақсы сінірлілігімен ерекшеленеді. Бидайдың кебегі (дән жармасы) малға

жоғары сапалы құнарлы жем. Сабан мен топанды малға азық, әрі төсөніш ретінде пайдаланады.

2.Дәнді дақылдар туралы тақпақтар

Жайқалады ақ бидай,

Басын иіп аққудай.

Трактормен комбайн,

Жүргізуге мен дайын.

Көктемде жерді жыртамыз,

Тегістейміз тырмалап.

Дәндерді оған егеміз,

Жайқалып егін шықсын деп.

Күз болғанда орамыз,

Нанға біздер тоямыз.

Нан атасы бидаймын,

Елге астық сыйлаймын.

Дәнім толып піскенде,

Қауызыма сыймаймын.

Жазды күні бидайдан,

Бал исі шығады.

Күздің күні биайдан,

Нан исі шығады.

Нан ардақты адал ас,

Кәрі жас одан аттамас.

Нандай жоққой асыл дәм,

Жеп үйренген жасыннан.

Нанда өмірдің исімен дәмі бар,

Нанда адамның енбегімен ары бар.

Жарып шыққан қауызын,

Дән – өмірлік азығын,

Жегенінде ақ нанды,

Нәрге толар ауызын,

3. Бидай суретін боямак

4. Санамақ

Бір, екі, үш,
Бір, екі, үш,
Ал, кәнеки, үш.
Төрт, бес, алты, жеті,
Төрт, бес, алты, жеті,
Мынау – ауыл шеті.
Сегіз, тоғыз, он,
Сегіз, тоғыз, он,
Ал, кәнеки, қон.
Асықпа да саспа,
Бірден қайта баста.

5. Нан қалай пайда болады?

-Алдымен трактормен жерді жыртады, диқандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсे бастайды. Бидайдың сабактары пайда болады, оны диқандар үнемі суарып отырады. Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппақ болып ұн дайындалады. Қап – қаптармен ұнды наубайханаға тасиды. Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктемен дайын нандарды дүкендерге әкелінеді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печенилер, бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі.

- Бидай неден өсіп шығады?
- Бидайды немен жинайды?
- Күзде дайын болған өнімді қалай атайды?
- Бидайдан шыққан ұнды қайда әкеледі?
- Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар.

Қазан айы

1. «Көкөністер дауы» ертегісі.

Өнім биыл тамаша! Көз тоймайды қараса: Сәбіз, картоп, кәдіш пен қып - қызыл піскен қызанақ, қырыққабатқа қарашы!

Тәрбиеші: Көкөністер бір кезде жиыла қалып дауласты.

Көкөністер:- Жиналыш қаппыз бәріміз,

Қайсысымыз ең дәмдіміз?

Ішімізден адамға

Тиеді көп пайдамыз?

Мақтаншақ бұршақ ортаға жүгіріп шықты.

Бұршақ: Кішкене түймедеймін мен

Ұнаймын мен бәріне

Дәмді тағамдармен -

Сый жасаймын бәріне -

Тәрбиеші: Ызаланғаннан қызылша қып - қызыл болып кетті.

Қызылша: Мен де бір сөз айтайын

Мақтанайын сіздерге

Менсіз борщ болмайды

Винегрете үстелде

Қырыққабат: Мақтанғаннан не пайда

Менсіз дәмді ши қайда

Мені қосса самсаға

Жейді бәрі тамсана

Қияр: Дәмім тілді үйірген -

Мен тұздалған күйімде

Жаңа піскен кезімде

Жейді бәрі сүйсіне!

Қарбыз: Кім білмейді шалқанды?

Талайлар маған таңғалды.

Бәріне сый боламын.

Тауып көр менен дарханды!

Сәбіз:- Кім бар сәбіз шырынын

Жастайынан ішпеген?

Мені жеген адамдар

Кем болмайды күшке де!

Қызанақ:- Піскен кезде қызанақ;

Көз тартар қызыл түсімен.

Бар ма адам сүйсінбей

Томат шырынын ішпеген?

Пияз: Боламын мен дәмдеуіш,

Кім бар сәбіз шырынын
Жастайынан ішпеген?
Мені жеген адамдар
Кем болмайды күшке де!

Қызылша

Ақ тұсім бар қант алар,
Қызыл тұсім - қанға нәр.
Ал, балақай біліп қой,
Қызылшамын пайдам бар.

3. Көгеністер туралы жұмбақ

Әр желінің асты толған көк қоян,
Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.
(қияр)

Ашулы қонақ бұл анық,
Тоңып шешсе, жыладық.

(Пияз)

Тұскенде салқын күз,
Жинадық алтын тіс.

(Жүгері)

Бақшадан жер қазып,
Жиып алдым жез қазық.

(Сәбіз)

Тігіп алып көк шатыр,
Қызыл-күренेң доп жатыр. (Қызылша)

Доптар жатыр желісі бар,
Қабат - қабат терісі бар. (Орамжасырақ)

Қос құлағы қалқайып,
Су ішкен сайын марқайып.
Күн ысыса тон жинайды,
Доп болғанда ел жинайды. (Орамжасырақ)

Барлық - барлық тағамға.

Көкөністер ішінен

Мен пайдалы адамға.

Картоп:- Мен ұялшақ картоппын

Мен емеспін мақтанар

Мені жақсы көреді

Үлкендер мен балалар!

Бос айтысты қояйық,

Дауласуды тоқтатайық.

Көкөністер:- Жиналып қаппыз бәріміз,

Қайсысымыз ең дәмдіміз?

Ішімізден адамға

Тиеді көп пайдамыз?

Тәрбиеші: Көкөністер бәрі де

Денсаулыққа пайдалы

Мұны жатқа біліндер,

Оларды жақсы көріндер!

2.Көгеністер туралы тақпақтар

Картошка

Бақшамызда өседі,

Керек тағам деседі.

Бар қызыл, көк, сарысы

Аңы-тұщы бәрісі.

Жуа

Болса да аңы,

Дәмді етер асты.

Өседі ол жерге,


Тығып алып басты.

Сәбіз

Көкөніс бұл қалаулы,

Жасамас онсыз Палауды.

4. Қиярдың суретін суретін боямақ




Қараша айы

1. Гүлдер туралы мәлімет

Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табигат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл - күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар, адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтиратынды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің құрлысы: тамыры, сабағы, жапырағы, тостаганшасы, күлтешелері, аталығы мен аналығы. Гүлдер өсіп тұрган бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады. Олардың көптеген түрлері болады. Түстері де әр түрлі болады.

Гүлдер үш топқа бөлінеді:
дала гүлдері, бөлме гүлдері, емдік гүлдері.

2. Гүлдер суретін боямақ



www.kazak.com

www.kazak.com

3. Слайд арқылы көру.

Әр қайсыныңа жеке - жеке тоқталу. Мысалы:

Дала гүлдері: бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбак, астра. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі.

Раушан гүлі - хош иісті гүл. Бұл гүл далада өседі. Оны мерекелерде, сый құрметтерде беріледі

Бөлме гүлдері: әйел бақыты, доллар гүлі, кактус, фикус, пальма. Бұл гүлдер жылдың төрт мезгілінде бөлмеде өседі.

Әйел бақыты - тропикалық аймақта өсетін бұл гүл аса талғампаз, әрі күтімді қажет етеді. Гүлдің жақсы өсуі үшін жарық, ылғалды ауа және бөлме температурасы бірқалыпты, яғни жылы болу керек. Емдік гүлдері: алоэ, анис, адыраспан, түймедақ, қалампыр. Бұл гүлдер бөлмеде де, далада да өседі

Алоэ гүлі - оның жапырақтары тікенекті болғанымен қолымызға кірмейді. Алоэның емдік қасиеті бар, егер де жүгіріп бара жатырып, жарақат алған жағдайда осы алоэ кескінің кесіп алып, жарақат алған жерге тигізіп біраз уақыт ұстап тұрсақ, жара жылдам жазылады.

(Балалар тындайды.)

- Балалар, мен сендерге тәжірибе жүзінде гүлді қалай отырғызу, қалай күтіп баптау керектігін көрсетеңін. Алдымен, гүлдің өскінін қып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Шелекке құнарлы топырақ салып, тамыры бар өскінді сол топыраққа

отырғызамыз. Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішүіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін, топырағын қосытамыз.

Педагог гүлге су құйып, топырағын қосытып көрсетеді.

4.«Қызғалдақ» ертегісі


Ерте, ерте, ертеде бір кішкентай қаланың шетінде Мэри атты қарапайым әйел өмір құрғапті. Шағын қалада Мэриді бәрі біледі еken. Мэридің неше түрлі гүлдер өскен ғажайып бағы болыпты. Жүргі таза, мейірімді Мэри гүлдеріне үлкен сүйіспеншілікпен күні-түні қарап, әлпештеп күтіп-баптайды еken. Оның ақ, қызыл, сары, көк түсті гүлдері көктемнен бастап, күзге дейін алма-кезек гүлдеп, баққа кірген адамның көзін қуантыпты. Көктемде Мэри нәзік әрі таңғажайып «қызғалдақ» деген жаңа гүлдерді отырғызады. Бірде сол сүйікті гүлдерін көрейін деп, ол түндеге қолына шам алып, баққа барады. О, ғажап! Қызғалдақтарға жақындалап қараса, олардың ішінде сүйімді нәрестелер тәтті үйқыда жатыр! Бұл гүл періштелерінің балалары еді. Мэри оларға мейірлене қарап қайырлы түн тіледі. Ертеңіне бақтың иесі ерте тұрып, терезені ашады. Үйдің ішін лезде аңқыған жұпар иіс алып кетеді. Мэри баққа жүгіріп шығады. Бүгін қызғалдақтардан бұрын-сонды болмаған хош иіс аңқып тұр еken. Бұл ғажап иісті Мэридің қайырымдылығы үшін гүл періштелері қызғалдақтарға сыйлаған еді. Құндер, айлар, жылдар зырлап өтіп жатты. Мэри қартайып, гүлдеріне қарай алмайтын болғандықтан басқа қалада тұратын баласының қолына көшеді. Үйді сатып алған жаңа адамдар бақтың орнына бақша егіп, көкөніс сатпақшы болыпты. Бір көктемнің ішінде Мэридің тамаша гүлзарын құртып жіберіпті. Гүл періштелерінің жағдайлары кетіп, олар көрші бақтарды паналауға мәжбүр болыпты. Сүйікті Мэриді сағынып, қызғалдақтар ауырып қалады. Күтімсіз қалған гүлдерді көршілер үйлеріне алып кетіп, өздерінің бақтарына отырғызып, аялайды. Келесі көктемде қызғалдақтар дертінен жазылып, жаңа орындарында құлпырып өсіп шыға келеді. Бірақ, олардың ғажайып хош иісі жоғалып кетіпти. Содан бері, гүл өсірушілер бүгінгі күнге дейін қанша ізденіс жасаса

да, қызгалдақтардың бұрынғы иісін қайтара алмапты.

Желтоқсан айы

1. Ақ саңырауқұлак (Boletus edulis) – болетустар тұқымдасына жататын түр. Қазақстанда жалпак жапырақты, қылқан жапырақты және аралас ормандарда өседі. Қалпақшасының диаметрі 10 – 20 (кейде 50) см, үстінгі бөлігі ашық қоңырдан қара қоңырга дейін өзгеріп отырады. Ал тәменгі бөлігі алғашқы кезде ақ кейін жасыл сарғыш түске енеді. Аяқшасының ұзындығы 17 см-дей, қалындығы 4 – 6 см, ашық сары сүрғылт түсті, үстінде торлы өрнектері болады. Жемістік денесі ақ, тығыз, жағымды, саңырауқұлаққа тән исі болады. Салмағы 2 (сирек 4) кг. Ақ саңырауқұлак маусымнан қазанға дейін өседі, 20-ға жуық формалары бар. Жеуге жарамады, өте бағалы саңырауқұлак, себебі, құрамында белок өте көп. Ақ саңырауқұлақтың жемістік денесінен антиканцерогендік заттар табылған. Ақ саңырауқұлақтың түрлері: шырша ақ саңырауқұлағы, қарағай ақ саңырауқұлағы, қайың ақ саңырауқұлағы, емен ақ саңырауқұлағы, торлы ақ саңырауқұлак, қара-қола түсті ақ саңырауқұлағы, жартылай ақ саңырауқұлак.

2. Құлпынай суретін бояу



3. Жеміс-жидек шаруашылығы — жеміс-жидек дақылдарын өсірумен айналысатын өсімдік шаруашылығының саласы. Жеміс-жидек

шаруашылығына көшет (жеміс дақылдарының көшетін өсіру) және жидек (таңқурай, қарақат, бұлдірген, т.б. жидек дақылдарын өсіру) шаруашылығы; шекілдеуікті, сүйекті, субтропиктік (анарап, құрма, інжір, т.б.), жанғақ, шырын жемісті дақылдарды өсіру жатады. Жеміс-жидек шаруашылығы тек көп жылдық өсімдіктерді алдымен көшеттікте өсіріп, оны жеміс бағына немесе көлемді егіс алқабына (плантация) отырғызумен және көптеген жеміс-жидек дақылдарын өсірумен айналысады. Жеміс-жидек шаруашылығы — өсімдік шаруашылығының ертеден келе жатқан салаларының бірі. Алма, алмұрт, анар, шабдалы, өрік, алхорының өсіріліп келе жатқанына 4 мың жылдан асты. Вавилон мен Ассирия (б.з.б. 3 мыныншы жыл), Қытай мен Үндістан (б.з.б. 2-мыныншы жыл), Қырым (б.з.б. 700 жыл) бақтары туралы жазбалар қазірге дейін сақталған. Орта ғасырларда жеміс-жидек шаруашылығы Батыс Еуропада, әсіресе, Францияда дамыды. 19 ғасырда Қырымда, Орталық Азияда, Украинада өндірістік бақтар егіліп, жеміс-жидек шаруашылығы тауар өндіру саласына айналды. Жеміс-жидек шаруашылығын дамытуда бақтарды тыңайтқыштармен және пестицидтермен қамтамасыз етудің, өнімді жинау жұмысын механикаландыру деңгейін көтерудің, жемісті өндеудің, сақтаудың, т.б. маңызы зор.

4. Жемістер жыры жаттау

Рза Кунақованың «Жемістер жыры» деп аталатын өлеңімен танысамыз.

Нарттай қызыл алмам бар,
Мәз болады алғандар.
Жазда әдемі киінем,
Тілді балдай үйірем.
Көктемде ерте гүлдеймін,
Кешігуді білмеймін.
Піспей тұрган кезімде,
«Менен аулақ жүр», - деймін
Уылжыған өрікпін,
Бау-бақшаға көрікпін.
Қара деген атым бар,

Менен де дәм татындар.
Дәрі орнына жүргуге,
Кейде менің хақым бар.
Балаларға қайталатып айтқызу.

Қантар айы

1. Қалақай неге күйдіреді

Қалақай болса дәмді де пайдалы өсімдік. Оны сиыр да, ешкі де, қой да, шошқа да сүйсініп жейді. Бірақ оған тиіп көр. Есесіне, қалақайды ұсақтап турап, үстіне қайнап тұрған су құйып малға берсөң, алдынан қайтып ала алмайсың. Қалақай - дастарқанның да сәні. Ерте кезден-ақ ауыл тұрғындары көктемгі қалақайдың жас өскінінен тамаша көже дайындайтын болған. Өйткені қалақай шабындықты қымыздықтан, бау-бақша көкөністерінің бәрінен бұрын көктеп шығады. Ерте кезде қалақай сабагынын талшықтарынан жіп иіріп, одан кенеп тоқыған. Кейбір оңтүстік елдерде рами деген ерекше қалақайды арнайы өсіреді. Оның биік болып өсетіні сондай, жаяу кісі түгіл атты кісінің бойы әзер көрінеді. Мұндай қалақайдың талшықтарынан жібекке бергісіз мата тоқиды. Одан есілген арқандар мен балық аулайтын торлар өте берік болады. Рами шаққан жерін өте қатты күйдіреді, сондықтан оны жинаған кезде адамдар үстеріне қалың қиім, қолдарына қолғап киіп алады. Қалақайдың тұла бойы түкті болып келеді. Әр түгінде ішіне күйдіргіш қышқыл толтырып, аузыы тығындалған кіп-кішкентай қауашақ жасырулы тұрады.

2. Шалхан ертегісін сахналау

Ерте ерте ертеде, ешкі жұні бөртеде шал мен кемпір болыпты.

Бір күні атай шалқан екті де:

Атай: - Өс, шалқаным, тәтті боп өс! Өс, шалқаным, мықты боп өс!

Автор: Құндерден күн өтті, айлардан ай өтті. Шалқан өте үлкен, мықты болып өсті. Атай шалқанды әрі тартқылайды, бері тартқылайды, жұлып ала алмайды. Сөйтіп атай көмекке әжейді шақырады.

Әже: Мен көмекке келдім. Әжей атайдан, атай шалқаннан тартып, жұлып ала алмайды.

Әже: - Атасы, екеуміздің осыған күшіміз жетпейтін сияқты.
Көмекке қызымызды шақырайық. Сөйтіп көмекке қызын
шақырады. Қызы әжесінен, әжесі атайдан, атай шалқаннан ұстап
тартады. Алайда еш нәтиже болмайды.

Қызы: - Бізге көмекке тағы біреу керек сияқты. Мен күшігімді
шақырайын. Қызы көмекке күшігін шақырады. Күшігі қыздан, қыз
Күшік: Қанеки, біз көмекке мысықты шақырайық. Мысығым,
мысығым келіп бізге көмектес. Күшік мысығын шақырады. Мысық
күшіктен, күшік қыздан, қыз әжейден, әжей атайдан, атай
шалқаннан ұстап әрі тартқылайды, бері тартқылайды. Тағы жұлып
ала алмайды. Мысық: - Менің ойымша бізге тағы да көмек керек
сияқты. Тышқан, тышқан бізге көмектесші.

Барлығы бірге шалқанды тартады. Сол кезде шалқанды жерден
жұлып алады. Әжей шалқанды қосып тамақ пісіреді. Бәрі дәмді
тағамнан ауыз тиеді. Тышқан тамақты жеп отырып, былай дейді:
Тышқан: - Бұл тағам өте дәмді екен. Егер келесі жолы тағы көмегім
керек болса, мені шақырындар. Мен шалқанды өте жақсы көремін.

3. Ағаштар мақал- мәтелдер

Ағаш айғайға күламайды.

Ағаш жапырағымен, жер топырағымен.

Ағаш кессен ұзын кес, шаба келе қысқарап.
Темір кессен қысқа кес, соға-соға ұзарар.

Ағаш қамшы көп, аттанарда бірі жоқ.

Ағаш қисығын тез түзетер,
Адам қисығын көр түзетер.

Ағаш та бір жерде көгереді.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықғы.

Ағаш тамырынан су ішер.

Ағашты жемісінен таниды,
Адамды ісінен таниды.

Ағашты жердің ырысы мол,
Бауырмалдың тынысы мол.

Ағашты үй жанынан еге түс: күндіз саян, түнде панан.

Ағаш ұстаган жерінен сынбас.

Ағашы аласа болса да алмасы тамаша.

Артында мал калғанша, тал калсын.

Аялы ағаш — саялы.

Бабалар еккен шынарды балалар саялайды.

Бабаның тал қондырғаны өзіне ат қалдырғаны.

Қараған өз жерінде гүлдер.

Ку ағашқа құс қонар.

Ку ағашқа ńу ағаш сүйеу.

Курай тартсан күй шығар,
Ағаш тартсан үй шығар.

Құдықтан су ішкен казғанға рахмет айтады,
Ағашты көлеңкелеген еккенге рахмет айтады.

Мәуелі ағаш майысқақ.

Мәуесі бардың әуесі бар.

соғыста әскерлердің жөтел ауруларына, қан қысымының төмендемеүіне қарсы қолданғаннан кейін белгілі бола бастады. Піл құлағы Піл құлағы гүлінің әдемілігі - жалпақ жапырағында. Жапырағының көлемді болуына байланысты гүл "піл құлағы" деп аталады. Сонымен қатар жаңбыр жауар алдында піл құлағының жапырағынан тамшы тамады. Осы қасиетіне орай гүлді "жылауық", "аяу-райын болжағыш" деп те атайды. Жаздың ыстық күндерінде аптасына екі рет суарған жөн. Қыста суаруды сирету керек. Гүлдің жапырағын көктем және жазда тыңайту қажет. Өсімдік алакөлеңкені ұнатады. Қыста +15 градус жылылықтан төмен түспеу керек. Гүлді түбін бөлу арқылы көбейтуге болады. Фалымдар өсімдікті ғылыми түрғыдан зерттеу барысында гүлдің жөтел, мастопатия, ревматизм, денедегі түрлі жарага сондай-ақ, аллергия қабыну мен ісікке және асқазан ауруларына қарсы ем екендігін дәлелдеген. Гүл бөлмеге жағымды энергия бөліп, адамды мазасыздықтан арылтады. Өсімдік өте сезімтал, адамға жайлышық сыйлап, сабырлыққа шақыратын қасиетке ие. Бөрібұршақ Бөрібұршақ гүлі (*Lupinus*) - гүлі де, жапырағы да әдемі ерекше өсімдік. 300-ге тарта түрі бар. Биіктігі - 1 метрге дейін жетеді. Өсімдік мамыр-маусым айларының аралығында гүлдейді. Гүлі шырақ тәрізді болып келеді. Бөрібұршақ гүлінің көгілдір түсті сұрыптын алғаш өсіріп, 1906 жылы қолданысқа енгізген нидерландық гүлпаздар болатын. Солтүстік Америкада бөрібұршақтың бұталы түрлері де өседі. Қазақстанның көгалдандыруында өсімдіктің шөптесін, сүйкә төзімді, ақ, қызығылт, көк және аралас түсті түрлері қолданылады. Ол күнді жақсы көреді. Алакөлеңке жерде өссе, гүлдеу мерзімі ұзақтау болады. Бөрібұршақ гүлдегендеге жапырағы мен сабағының өсу процесі тоқтап қалады. Сондықтан, алғашқы жылы өсімдіктің гүлсидамын кесіп тастау керек. Нәтижесінде, келер жылы гүлі мол, тамыр-сабағы мықты болады. Ол жиі орын ауыстырып, қайта отырғызу жұмысына шыдамсыз келеді. Бір ескерте кететін жайт, бөрібұршақ гүлі улы, әсіресе тұқымы. Сол себепті өсімдіктің тұқымын жинаған кезде арнайы қолғап киген жөн.

4. Бөртегүл мен таныстыру

Бөлме гүлдері туралы біле жүрініз Пәтерде гүл өсіру көптеген қыздың сүйікті ісі. Өйткені гүлдер үйге әдемілік пен жайлышың сыйлайды. Олардың бірнеше түрі бар. Бүгін біз сіздерге бөлмеде өсірілетін гүлдер туралы айтып өтпекпіз. Наурызгүл Наурызгүл - генерия тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Отаны - Қытай. Бүгінде бұл гүлдің 500-ге жуық түрі бар. Жапырағы ірі (5-13 см), пішіні жүрек тәрізді, жасыл түсті болып келеді. Гүлі: ақ, қызыл, сары, күлгін, көк т.б. Кураған жапырағы болса, бірден қырқып, реттеп отыру керек. Аталмыш гүлдің жапырағының астында тат пайда болса, 2 аптада бір рет интекцидпен дәрілеу керек. Өсімдік жапырағының үстіне ақ түсті зақым пайда болса, ауру жойылғанға дейін 2 аптада бір рет бактерицидпен дәрілеген дұрыс. Өсімдіктің топырағы ылғалдылықты қажет етеді, сондықтан жазда жиі, қыста бірқалыпты суарған дұрыс.

Жапырағын шаңнан тазартып, жиі ылғалдылық жасау үшін су бүркіп тұрган дұрыс. Шектен тыыс қоректендірсе, жапырағының түсі қоңырланып, өні өзгере бастауы мүмкін. Мұндай жағдайда дақ жойылғанға дейін қоректендіруді тоқтатып, күн сайын жапырағын таза шүберекпен сұртіп отырған жөн. Катарантус Катарантус грек тілінен аударғанда "catharos - таза, анық" және "anthos - гүл" дегенді білдіреді. Мадагаскар, Үндістан, Үндіқытай, Филиппия және Куба елдерінен тараған. Катарантустың табигатта бір ғана күлгін түстісі кездеседі. Ал көгалданыруда сұрыпталып алынған ақ, қызыл, ашық күлгін, күлгін түсті түрлері қолданылады.

Бойының биіктігі 60-70 см-ге жетеді. Жапырағының диаметрі 7 см, қанық жасыл түсті болады. Ал, гүлінің диаметрі - 3 см. Көктемнің соңынан бастап, күз айының аяғына дейін гүлдең тұрады.

Катарантус бұрындары бөлмелерге қолданылып келсе, кейінгі жылдары ауладағы түрлі композицияларды безендіріп, біржылдық гүл ретінде пайдаланылады. Мадагаскар мен Үндістанда катарантусты емдік мақсатта пайдаланған. Бүгінгі танда да медицинада қолданылады. Катарантустан диабетке, қан қысымның түсіп кетпеуі үшін жөтелге қарсы дәрі-дәрмектер жасалынады. Ең алғаш Америка мен Канада арасындағы екінші дүниежүзілік

Ақпан айы

1. Жемістер туралы тақпақтар жаттау

Алма кетті домалап
Көшे бойын жағалап
Кім алманы табады
Сол ойыннан шығады

Мен - алмамын, алмамын
Таңдай татар бал дәмім
Мына тәтті бал-дәмді
Дастарқандарыңа арнадым.

Ауладағы бау-бақшада,
Алма ағашын баптадым.
Майдандағы ағама,
Сегіз алма сақтадым.

Алма ағаштан үзіліп,
Сегіз алмам сарғайды.
Сарғайған алмаларға,
Әлдекімдер арбайды.

Апорт деген алма бар
Жер жаратын атағы,
Ондей алма қайда бар.
Алматы оның Отаны

Мен өріктен ірімін,
Алма, алмұртқа інімін
Тәттілердің бірімін,
Дастарханның гүлімін,
Сусыныңды қандырар
Салқын саумал шырынмын.

Мен моншақты шиемін
Құмарсындар білемін,

Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйегім.

Мен шиемін, шиемін,
Күннің көзін сүйемін.
Қышқыл шырын менде бар,
Төмен басты иемін.

Жапырақта тасалап,
Өскен жері бақша – бақ.
Қүрең қызыл шіркін –ай,
Оның аты- құлпынай.

2. Алма мұсіндеу

3. Бақшаны баптаймыз жаттау

Самал қозғап қалғанда,
Үзіледі сары алма.
Шолып едім бақшаны,
Қауын біткен сап - сары.

Ел егінін жинайды,
Қырманға дән сыймайды.
Біздің дала бай дала,
Алтын астық айнала.

Дәрумендер тірегін,
Жемістерден аласың.
Жетіспесе бірі оның,
Ауырып сен қаласың.

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

Жайдарлы күз, жарқын күз,
Аяулы күз, алтын күз.

Дәнгө толы ен далам,
Дариядай шалқып жүр.

Ал, балалар тұрмайық,
Әндетеік жырлайық.
Күзгі балда әдемілеп,
Шырқатып ән салайық.

4. Мен раушан гүлімін би Наурыз айы

1. Көктем келді гүл алыш жаттау

Балалар ақыны Өтебай Тұрманжановтың өлеңдері

Балалар - ау, балалар!
Шақырады далалар.
Көктем келді гүл алыш,
Құстар келді жыр алыш.
Қос білекті сыбаныш,
Жүгірейік қуаныш.
Қыр басына шығайық,
Көктем тілін ұфайық.
Қызғалдақты тереік,
Теріп үйге келейік.
Көбелектей киінген,
Гүлді көріп сүйінген,
Алақайлап жүгірген,
Қып – қызыл бет – бүлдірген,
Қарындақса қаршадай,
Жас балапан аршадай,
Гүлдің шоғын берейік,
Куанғанын көрейік.

2. «Кішкентай бағбаншы» (әңгіме)

Садықтың әкесі бағбаншы. Ол әкесіне үнемі көмектеседі. Күн жылынып, қар еріп, жер кебісімен олар күмырскалар сияқты бақта еңбектенеді.

Бір күні олардың қасына Халел жүгіріп келіп:

- Садық, жүр ойнайық,- деді.
 - Менің жұмысым көп,- деп жауап берді Садық.
 - Осыны да жұмыс деп ойлайсың ба? Әкең бәрін жасай салады.
- Ойнаған өте көңілді емес пе?
- Халел ойыншықтарының бірінен соң бірін шығара бастады. Садық қатты ойнағысы келсе де, өзін жігерлендіріп, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді. Күз келді. Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді. Садық жеміс-жидектерді өзі де жеп, досына да ауыз тигізді. Халел жеміс-жидектерді тойып жеп алыш:
- Қазір мен барлығын да жеп таусамын, ештеңе қалмайды,-деді.
 - Қалады. Әкем: «Жер-ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбек еткендерді өз жомарттығымен сыйлайды» деген,-деді Садық.

3. Бәйшешек гүлін таныстыру


Бәйшешек – өте әдемі көктемгі гүл, бәйшешекті «көктем жаршысы» деп те атайды. «Бәйшешек» – қызғалдақ туысына жататын көп жылдық, пиязды өсімдік. Биіктігі 15 - 30 сантиметр болып келеді. Сопакша келген баданасының жуандығы 1 - 2 сантиметр. Жұқа, қара, қоңыр қабықты, сабагы тақыр 2 - 3 жапыракты дара гүлді. Көкек - мамыр айларында гүлдейді. Жемісі – қауашақ, жоғары жағы үшкірлеу, ұзындығы 1, 5 - 2, 5 сантиметр, ені 1, 5 сантиметр келеді. Әлемде бәйшешектің 100 - ге жуық түрі бар. Бәйшешектік пиязы (түйнегі) улы болып келеді.

Бәйшешек нәзік әрі сынғыш болғанымен қорғаныш қасиетке ие. Олардың түбіндегі пиязы улы болғандықтан бірде - бір кеміргіштің тиісуге батылы бармайды. Бәйшешектің пиязы улы болғандықтан адамдар үшін де қауіпті. Зерттеушілердің айтуы бойынша бәйшешек гүлінен Альцгеймер және деменция ауруына шипа болатын дәрі жасайды. Оның құрамында осындай ауруға шипа болатын заттар бар екені анықталған. Мұнда «галантамин» өнімі жөнінде сөз болып отыр, оның емдік қасиетін ғалымдар әлі де зерттеу үстінде яғни оның одан да көп пайдасы бар екені анықталған. Бәйшешек сенім символы. Ел аузында гүлдің пайда болуы туралы небір әдемі аңыздар баршылық. Солардың біріне

назар аударыңыз. Бәйшешек – сену, достық, адалдық, тазалықты білдіреді. Көпшілік өз ауласында аппақ әдемі бәйшешек гүлін өсіруді жақсылықтың нышаны деп есептейді. Бәйшешек гүлі жер бетіне ең алғаш шығатын өсімдік. Аңыз бойынша Адам ата мен Хая ана жұмақтан қылған уақытта қыс мезгілі екен. Жерде қалың қар жатқандықтан аяғы тоңған Хая ана жылы жұмақты есіне алып қайғырған уақытта, оның көз жасын көрген періштерер бірнеше қар қылауларын бәйшешек гүліне айналдырыпты.

Қатты қуанған Хая аңаның бойында Құдайдың кешірімін алуға деген үміті ояныпты, содан бері бәйшешек гүлі – сенімнің ягни үміттенудің символы болып есептеледі екен. Орыс халқының аңызы бойынша қаһарлы Қыс патшайымы мен Аяз патшасы жер бетіне «Көктемді келтірмейміз», деп шешіпті. Алайда батылдық танытқан Бәйшешек қыстың суығына қарамай жер бетіне өсіп шығып, Күн анадан көмек сұрапты. Күн ана Бәйшешектің ерлігіне разы болып, жерді күн көзімен жылтыып, Көктемнің келуіне жол ашыпты.

4. Қалампыр гүлін боямак



Сәуір айы

1. Көктемгі табиғатты бақылау

Шуақты көктемді табиғатта тіршілік иесінің бәрі тағаттана күтеді десем, артық айтпаспын. Себебі көктем келісімен, айналадағы тіршілік атаулының бәрі көктем келісімен қысқы ұйқыдан оянып, табиғат ана да қысқы ұзак ұйқысынан оянып, жер жүзі құлпыра түседі. Құннің көзі жарқырай түсіп, жылы жақтан құстар қайтып, бейне бір "көктем келді!" деп айналага жар салғандай әндете түседі. Жердің бетіндегі қар еріп, алғашқы бәйшешектер шыға бастайды. Сөлден соң ағаштар бұршік жарып, олар кейіннен жапыраққа айналады. Осылайша табиғатқа жан бітіп, жанданғандай күй кешеді. Қысқы ұйқыға кеткен жануарлар оянып, індерінен шығады. Міне, осының бәрі ғажап бір көрініс емес пе?! Көктем - менің ең сүйікті жыл мезгілім. Көктемде сонымен қатар қазақ халқы үшін басты мейрамдардың бірі - Ұлыстың ұлы күні Наурыз тойланады. Добро пожаловать! Получи неограниченный доступ к милл

2. Қызғалдақ гүлі жаттау

Басқа күнге ұқсамайды бұл күнім,
Бұл не ғажап қаптап кеткен бұлбұл үн.
Көктем қыздың тарамдалып төсінен,
Бұралады сұлу толқын мың бұрым.
Дала бейне жаралғандай жалыннан,
Алаулаған қызғалдаққа малынған.
Ақша бұлттар ақ шымылдық сияқты,
Тау қария жасыл мақпал жамылған.
Күмбірлеген күйге толып маңайым,
Өткен күнге өкінішпен қараймын.
Ғажапсың ғой туған жердің көктемі,
Самалыңа қолаң шашты тараймын.
Кетті нөсер дала шаңын тазалап,
Отыр міне ойлар тағы мазалап.
Жалынға орап жатқандай бір жер төсін,
Қырда қызыл қызғалдақтар ғажап-ақ.
Тыңдауға әсте құмар жаным қыр әнін,
Көңілімді күй сазына бұрадым.
Төнсе-дағы қанша бәле төбеңнен,

Кетпеспін мен қиып сені бір адым.

3. Қызғалдақ (апликация)

4. Санамақты жатта

- Адамда қанша бауыр бар?
- Біреу.
- Қанша өкпе бар?
- Екеу.
- Бір тоқсандың неше ай бар?
- Үшеу.
- Есеп шығаратын амал қанша?
- Төртеу.
- Күнде оқылатын намаз қанша?
- Бесеу.
- Әлемде қанша құрлық бар?
- Алтау.
- Бір аптада неше күн бар?
- Жетеу.
- Малда қанша жілік бар?
- Сегіз.
- Домбыраның пернесі қанша?
- Тоғыз.
- Цифрлар қанша болды?
- Он.

Он саусақ

Айтар болсам саралап
Көп қой түрлі санамақ
Бір дегенім – бір саусақ
Екі дегенім – екі саусақ
Үш дегенім – үш саусақ
Төрт дегенім – төрт саусақ
Бес дегенім – бес саусақ
Алты дегенім – алты саусақ
Жеті дегенім – жеті саусақ
Сегіз дегенім – сегіз саусақ
Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ

Он дегенім – он саусақ
Он қолымда бес саусақ
Сол қолымда бес саусақ
Екеуін қосып санап ем
Барлығы болды он саусақ
Барлығыда әп ай ай,
Бейне бір он бауырсақ.

Мамыр айы

1. «Не қайда өседі?» ойын

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған

2. Шырша ағашы

Шырша – қарағай тұқымдасына жататын биіктігі 30-50 м, баяу өсетін қылқанжапырақты ағаш. 15-20 жылға дейін өте жай, кейін жылына 30 см-ге дейін өсетін болады. Мәнгіжасыл

өсімдік болғанымен, 6-12 жылда қылқандарын кезекпен түсіріп, жаңарып отырады. Өсе келе жан-жағына жайыла түсетіндіктен, олардың бір-бірінен немесе өзге ағаштардан арақашықтығы кемінде 6 м болғаны дұрыс. Осы себепті де оны тар аулалардан гөрі, арнайы бақтарға, кең ауласы бар балабақша, мектеп аланқайларына еккен жөн. Шыршаны ауа тазартатын ерекше қасиетіне қарай, аурухана, шипажайлардың маңына көптеп еккен дұрыс. Шыршаның түрі өте көп. Оның ішінде қылқанының түсі көк, қызыл, сарғыш және ашық жасыл түрлері көгалдандыруда үлкен қолданыста. Шығыс шыршасының қылқаны сары немесе алтын түстес, ине қылқанды шыршаның көк, көкшіл, кәдуілгі немесе европалық шыршаның қылқаны қою жасыл, балқандық шыршаның күміс түсті немесе сұр болады. Дүние жүзінде 50-ге

Бұлақ О, кішкене қыз, мейрімсіз адамдардың кесірінен көзім бітеліп, ага алмай жатырмын. Маған көмектесіп жіберші.

Қыз:- Жарайды, бұлақ, мен саған көмектесемін.

Қыз дереу бұлақтың көзін ашуға кіріседі. (Ауыр тастарды әрлі - берлі қозғағандай қимылдар жасап, бұлақты ашуға кіріседі) Бір мезгілде су сылдырлап (тастардың арасында жинақталып тұрған матта тартылады) толқынданады.

- Алақай, алақай!- қыз қолын шапалақтай секіре мәз болады
Бұлақ:- Рахмет, мейірімді қыз. Менен шөлінді қандырып ал.

Қыз рахаттана су ішіп алады.

Қыз:- Суың қандай дәмді еді. Рахмет.

Бұлақ: - Ағаштарды да суаруды ұмытпа, мейірімді қыз.

Қыз қолындағы себетімен ағаштарды суарады. Лезде ағаштар жасыл желеекке айналады. (ағаштың екінші бетін айналдыру)

Қыз қуана ортаға келеді.: - Менің жайбырақат үйіме қайтқаным жараспас, онан да мына жерді саялы баққа айналдырайын - деп жүгіре басып құстардың жанына келеді.

Қыз бұлбұлдарға: - Бұлбұл, бұлбұлдар маған көмектесіндерші, дән әкеп беріндерші.

1 - Бұлбұл: - Ол дәнді қайтпексін?

Қыз: - Мына жерге гүл егіп, баққа айналдырсам ба деймін.

Бұлбұл: - Жарайды, талабың таудай еken. Сен бізді осы жерден күт, қазір келеміз.- деп екеуі ұшып кетеді. Қыз құстардың сонынан қарап сәл тұрады да, құстар келгенше мына жерді қопсытып қояйын деп ойлап, жерді қопсытуға кіріседі.

Кішкентай қыздың жер қопсыту қимылы(әуенмен):

Аяқтың ұшымен жүгіре басып келіп, бір айналыс жасап отыра қалады. Екі қолын бір - біріне түйістіре бірге ортадан сыртқа қарай ашу қимылын жасайды, басты қол қимылымен бірге онға бір, солға бір қозғайды. Осы қимылдарды әуенге қарай 4 реттен санау арқылы жасайды. Сахнаның 4 бұрышына және соңғы ортасына келіп жасау. Бала орынан тұрып шаршаша қимылын жасайды: Оң қолмен мандай сұрту 1 - 2 санымен, сол қолмен мандай сұрту 1 - 2 санымен.

Осы мезетте құстарда дән алып келеді:

1 құс:- Мінекей, ала ғой, дәнінді.

2 - құс:- Сүйкімді қыз, бізде саған көмектесейік.

жуық түрі бар. Тұрлеріне қарай 50-150 жыл аралығында өмір сүреді. Қазақстанның таулы аймақтарында бірнеше шыршадан құралған ормандар бар, ал көгалдандырудан он шақты түрі қолданылады. Олардың арасында бойы бір метрден аспайтындары да бар. Тіпті соңғы уақытта жерге жайылып өссетін тұрлері де елімізде жерсіндіріліп жатыр. Ботаника бағында олардың орны ерекше. Сондықтан сұрыпты, қылқаны көк немесе ашық жасыл тұрлерін отырғызыған абзал. Шыршаның ағашы жұмсақ, жеңіл және мықты емес. Сондықтан құрылыста, ағашты қайта өндөуде қолданылады. Шыршадан жасалған музыкалық аспаптардың дауысы керемет болады. Италиян скрипка шеберлері Амати мен Страдиваридың скрипкалары шыршадан жасалған. Шырша өнімінен қағаз және қатты катырма

кағаздар, целлюлоза, скипидар, канифоль майларынжәне ағаш сіркесін алады. Шыршаны жол жиектеріне жел ұстағыш ретінде егеді. Тұқымы, яғни бүрі орман құстары мен кеміргіштеріне тамак ретінде қызмет етеді. Діңінің қабығы тері илеуде қолданылады. Көптеген елдерде жана жыл ағашы ретінде танымал.

3. Ағаштар ұқтайма ертегісі

Қолында себеті бар кішкентай қыз гүл, жидек термек болып, орманға келеді. Ол орманға келіп өз көзіне өзі сенбей таңдана жан - жағына қарайды. Өйткені ағаштар солып, қара жер қуарып қалған. Қыз ағаштардың жанына келіп, мұная:- Ағаш, ағаш сендерге не болған, жемістерің қайда?

1 – Ағаш (дауыспен): - Бізге су керек, шөлдеп қуарып тұрмыз.

2 - Ағаш:- Содан жеміс беруге шамамыз келмей тұр.

Қыз басын шайқап, жан - жағына қараса бір бұрышта көңілсіз отырған құстарды көреді, жүгіре басып қастарына келіп:

- Ой, бұлбұлдар, сендер ше, сендер неге сайрамайсындар?

1. бұлбұл:- Көңіл - күйіміз жоқ.

2. бұлбұл: - Сайрайтындей, сәніміз - жеріміз қуарып кетті.

Шарасыз күйге түскен қыз жерге қарап:- Шынымен де мына жер қуарып қоюлып кетіпті ғой. Ой, ана бір жерде бұлақ тұр ғой, бұлаққа барып су сұрайын – деп қыз бұлаққа қарай жүреді:

- Бұлақ бұлақ, маған сұындан берші.

Кыз:- Жарайды достарым, қане бәріміз бірігіп іске кірісейік. Мен жерге дән салайын, ал сендер су құйындар.

4. Алма суретін бояу

